

**«Магнум желісінде Head&Shoulders-тен 1 миллион теңге ұтып ал!» (әрі қарай – Ереже)**

1. Акцияның атауы (әрі қарай – Акция).	<b>Магнум желісінде Head&amp;Shoulders-тен 1 миллион теңге ұтып ал!</b>	
2. Акция Ұйымдастырушысы туралы ақпарат.	Атауы ЖСН	«АЛИДИ логистикалық компаниясы» ЖШС 160240033817
	Пошталық мекенжайы	Қазақстан Республикасы, А05Е0У4, Алматы қ., Қазыбек би к-сі, 117/86 Сұрақтар мен өтініштерге арналған телефон: +7 771 718 26 32
3. Акцияға Тапсырыс беруші.	«Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС (БСН 160640000220) Мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев д-лы, 240Г)	
4. Акцияның өткізілу кезеңі.	<p>4.1. <b>Акцияның жалпы өткізілу мерзімі:</b> 01.10.2020 ж. – 11.12.2020 ж.</p> <p>4.2. <b>Зат сатып алу мерзімі:</b> соңғы күнді қоса 01.10.2020 ж. – 11.11.2020 ж.</p> <p>4.3. <b>Акцияға қатысу өтінімдерін қабылдау мерзімі</b> (2081 қысқа нөміріне SMS жіберу): соңғы күнді қоса 01.10.2020 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 00:00) – 11.11.2020 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 23:59);</p> <p>4.4. <b>Жеңімпаздарды анықтау мерзімі</b> соңғы күнді қоса 12.11.2020 ж. – 20.11.2020 ж.</p> <p>4.5. <b>Жеңімпаздарды жариялау</b> соңғы күнді қоса 30.11.2020 ж. дейін.</p> <p>4.6. <b>Акцияның бүкіл Жүлделерін беру мерзімі:</b> соңғы күнді қоса 11.12.2020 ж. дейін.</p>	
5. Акцияның өткізілу аумағы.	<p>5.1. Акция Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) аумағында «Magnum Cash&amp;Carry» ЖШС бөлшек сауда желісінің барлық дүкендерінде өткізіледі.</p> <p>5.2. Акцияның мақсаты тұтынушылардың Head&amp;Shoulders өніміне сұранысын ынталандыру болып табылады.</p>	
6. Тауар мен өткізілетін Акцияның өзара байланысын орнатуға мүмкіндік беретін Тауар Белгілерінің Сипаттамасы.	<p>6.1. Акцияға қатысатын тауарлар «Head&amp;Shoulders» тауар белгісіндегі кез келген өнім (әрі қарай – Тауар) болып табылады.</p> <p>6.2. 6.1-т. көрсетілген Белгілері бар Тауарлар сатып алынғанын растау 4.2-т. көрсетілген мерзімде сатып алынған зат үшін сауда нүктесінен алынған кассалық чек пен коды бар слип (чектің жырtpпалы бөлігі) болып табылады.</p>	
7. Акция қатысушыларына Ережелер туралы, сондай-ақ Акция нәтижелері туралы хабарлау тәртібі мен әдісі.	<p>7.1. Акция Қатысушыларын хабардар ету Акцияның бүкіл өткізілу мерзіміне Ережелерді Интернет жаһандық желісіндегі <a href="http://www.magnum.kz">www.magnum.kz</a> сайтында орналастыру арқылы жасалады.</p> <p>7.2. Акцияның нәтижелері <a href="http://www.magnum.kz">www.magnum.kz</a> сайтына орналастырылады.</p>	
8. Акцияның жүлде қоры.	<p>8.1. Акцияның жүлде қоры Тапсырыс беруші мен Акция Ұйымдастырушысының есебінен құралады және мыналарды камтиды:</p> <p><b>Жүлде</b> – 1 100 000 теңге мөлшерінде Ақшалай жүлде, соның ішінде – 1 000 000 теңге Жеңімпаздың шотына аударылады, ал 100 000 теңге мөлшеріндегі сома Акция ұйымдастырушысымен ЖТС ретінде ұсталады және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 655-бабын орындау үшін салық органдарына аударылады.</p>	

	<p>Бүкіл Акциядағы жүлделер саны – 1 жүлде.</p> <p>8.2. Кассалық чек пен коды бар слип (чектің жыртпалы бөлігі) Акцияға қатысудың растамасы болып табылады.</p> <p>8.3. Жүлде кассалық чек пен коды бар слипті (чектің жыртпалы бөлігі) көрсеткен кезде беріледі.</p>
<p>9. Акцияның шарттары.</p>	<p><b>Акция Қатысушысы болу үшін және Жүлде ұтып алу мүмкіндігін алу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:</b></p> <p>9.1. 4.2-т. көрсетілген кезеңде «Magnum Cash&amp;Carry» ЖШС бөлшек сауда желісі дүкендерінен бір чекте кез келген екі Head&amp;Shoulders өнімін сатып алып, бірегей коды жазылған слипі бар (чектің жыртпалы бөлігі) кассалық чекті сақтап қою қажет.</p> <p>9.2. Әрі қарай 4.3.-т. көрсетілген кезеңде 2081 қысқа нөміріне слипте (чектің жыртпалы бөлігі) көрсетілген коды бар SMS жіберу қажет.</p> <p>Код форматы: <b>NSH67ME3Y</b></p> <p>мұндағы NSH – бекітілген префикс. 67ME3Y – символдардың динамикалық сандық-әріптік қатары Барлығы префиксті қоса, 9 символ</p> <p>9.3. SMS жауапта кодтың сәтті тіркелгені туралы растау-хабарлама алу керек.</p> <p>9.4. Жіберілген барлық SMS-хабарламалар Акция шарттарына сәйкестікке тексеруден/модерациядан өтеді. Егер мәтіннің қате жазылғанының немесе оның қайта жіберілуінің салдарынан SMS модерациядан өтпесе, SMS жауап хабарламада тіркеуден бас тарту туралы ақпарат келеді.</p> <p>9.5. SMS жібергені үшін төлем алынбайды.</p> <p>9.6. Бір кассалық чек пен слипті (чектің жыртпалы бөлігі) Акцияға қатысу үшін Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде бір рет қана тіркеуге болады.</p> <p>9.7. Қатысушы Акцияға шексіз қатыса алады (9.1 – 9.2 т. көрсетілген ережелерді орындау шарт).</p> <p>9.8. Жүлде ұтыс ойыны Ережелердің 4.5-т. сәйкес Акцияның өткізілу мерзімінің соңында бір-ақ рет өтеді.</p> <p>9.9. Акция «Magnum Cash&amp;Carry» ЖШС бөлшек сауда желісі дүкендерінің сатып алушылары арасында ғана өтеді. Басқа дүкендердің чектері осы Акцияға қатыстырылмайды.</p> <p>9.10. Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде Жүлделерді алу үшін чекті бір рет қана пайдалануға болады, ал егер бір кассалық чек бойынша бірнеше Тауар сатып алынған болса, онда Акцияға қатысу үшін осы чек бойынша сатып алынған бір затты ғана пайдалану қажет.</p>
<p>10. Акция Жеңімпаздарын анықтау критерийлері</p>	<p>Бас Жүлде алатын Акция Жеңімпаздары келесі жолмен анықталады:</p> <p>10.1. Акция Жеңімпаздарын анықтау үшін Акция Ұйымдастырушысының («АЛИДИ Логистикалық компаниясы» ЖШС) 2 өкілінен және Акцияға Тапсырыс берушінің («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС) 1 өкілінен, барлығы 3 адамнан тұратын тәуелсіз Қазылар алқасы құрылады.</p> <p>10.2. Ережелердің 4.4.-т. көрсетілген кезеңде Қатысушылар тізімі құрылады: әрбір Қатысушыға Ережелердің 9.2-т. сәйкес 2081 қысқа нөміріне жіберілген SMS кезектілігіне сәйкес жеке реттік нөмір беріледі (әрі қарай – База).</p>

	<p>10.3. Әрі қарай осы Ережелердің 4.4-т. көрсетілген мерзімде Қазылар алқасы келесі сызба бойынша 1 (бір) Жеңімпазды анықтайды:</p> $N = A * B$ <p>мұндағы,  N – Базадағы Өтінімнің реттік нөміріне сәйкес келетін сан (бүтінге дейін дөңгелектелген)  A – Базадағы Өтінімдердің жалпы саны  B – Жеңімпаздарды анықтау күніндегі еуроның теңгеге шаққандағы бағамының (Қазақстанның Ұлттық банкінің деректері бойынша) бөлшек саны, ол арифметика ережелері бойынша үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеледі.</p> <p>Жеңімпаздарды анықтау үлгісі:</p> <p>Базадағы Өтінімдер саны – 120 д.  Жеңімпаздарды анықтау күніндегі еуроның теңгеге шаққандағы бағамы – 486,09</p> <p>Анықтау формуласы N, мұндағы A = 120, B = 0,09</p> $N = 120 * 0,09 = 10,8, N = 11.$ <p>10.4. Ұтыс туралы Акция Ұйымдастырушысы Жеңімпаздарға Қатысушының қатысу үшін 2081 қысқа нөміріне жіберген SMS арқылы өтінімде көрсеткен байланыс телефон нөміріне, сонымен қатар <a href="http://www.magnum.kz">www.magnum.kz</a> сайтында Жеңімпаздар тізімін орналастыру арқылы хабарлайды.</p> <p>10.5. Акция Ұйымдастырушыларынан Жүлдені ұтып алғаны туралы хабарлама алған жағдайда, Жеңімпаз ұтыс туралы хабарлама алған сәттен бастап 3 күн ішінде <a href="mailto:alidi.promo.kz@vandex.ru">alidi.promo.kz@vandex.ru</a> электрондық адресіне хат жібереді. Хат келесіден тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Зат сатып алғанын растайтын барлық чектер мен оларға берілетін слиптердің фотолары/скан көшірмелері</li> <li>• Байланыс деректері (Аты-жөні, туған күні, телефон нөмірі, индексі көрсетілген пошталық мекенжайы)</li> <li>• Жеке куәліктің скан көшірмесі/көшірмесі</li> </ul> <p><b>Егер деректер осы тармақта көрсетілген мерзімде алынбаса (Жеңімпаз деректерді беруден бас тартса немесе толық емес/дұрыс емес деректерді берсе), Ұйымдастырушы келесі реттік нөмірлі Қатысушыны Жеңімпаз ретінде таңдау құқығын өзіне қалдырады.</b></p>
<p>11. Қатысушының құқықтары.</p>	<p>11.1. Акция Ережелерімен танысу.  11.2. Акцияға осы Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша қатысу, Ережелердегі өзгертулер туралы ақпаратты алу.  11.3. Акция Ұйымдастырушысынан Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алуды талап ету.  11.4. Жүлделерді беруді талап ету.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының құқықтары.</p>	<p>Ұйымдастырушының құқықтары:</p> <p>12.1. Ережелердің 9-т. талаптарын орындамаған Қатысушыға Жүлделерді беруден бас тарту.  12.2. Ережелерді өзгерту немесе Акция мерзімінің бірінші жартысында Акцияны болдырмау, бұл ретте Ережелердің өзгергені</p>

	<p>немесе Акцияның болмайтыны туралы осы Ережелердің 7-т. көрсетілген тәртіпте қатысушыларға хабарлау.</p> <p>12.3. Егер Ұйымдастырушы Қатысушының жіберген сатып алу туралы Деректерінің жалған және 9.2-т. көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтініне күдіктенсе, Ұйымдастырушы Қатысушыдан сатып алу фактісін растайтын қосымша ақпарат сұрауға құқылы.</p> <p>12.4. Талап етілмеген Жүлделерді өз қалауымен пайдалану.</p> <p>12.5. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны, соның ішінде Акцияның өткізілуі кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының техникалық проблемалары үшін, қате көрсетілген немесе ескірген байланыс деректерінің салдарынан Қатысушымен байланыс орната алмағаны үшін жауапты болмайды.</p> <p>12.6. Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген жағдайлардан басқа кезде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізіндегі жағдайлардан басқа кезде Акция Қатысушысымен жазбаша қарым-қатынас жасамау немесе басқа байланыс орнатпау құқығын өзіне қалдырады.</p> <p>12.7. Ұйымдастырушы Қатысушының қандай да бір қатесінің салдары үшін, соның ішінде (басқаларын қоспағанда) соңғысына келтірілген шығындар үшін жауапты емес.</p> <p>12.8. Ұйымдастырушы Қатысушы көрсеткен деректер дұрыс болмаған жағдайда Кепілді Жүлдені қайталап бермейді.</p>
<p>13. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>Ұйымдастырушының міндеттері:</p> <p>13.1. Акцияны осы Ережелерде белгіленген тәртіпте өткізу.</p> <p>13.2. Акция Қатысушыларына Жүлделерді беру.</p>
<p>14. Жүлдені алу тәртібі мен мерзімі.</p>	<p>14.1. Жүлденің берілуі 4.6-т. көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>14.2. Жүлде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қатысушы өзінің төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын өзге құжатын көрсеткен кезде ғана беріледі.</p> <p>14.3. Жүлдені алу құқығын басқа тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.</p> <p>14.4. Жүлдені алу үшін Акция Жеңімпазы Ұйымдастырушымен Қабылдау-тапсыру актісінің 2 данасына қол қоюға міндетті. Қол қойылған Қабылдау-тапсыру актісінің бір данасы – Жеңімпазда, ал екіншісі Акция Ұйымдастырушысында қалады.</p> <p>14.5. Ұйымдастырушының қатысы жоқ себептермен алмаған, соның ішінде Қатысушылардың қате/шындыққа жатпайтын ақпарат берулеріне байланысты жеткізілмеген Жүлделер Қатысушыларға қайта тапсырылмайды.</p>
<p>15. Қосымша шарттар.</p>	<p>15.1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, ҚР аумағындағы «Magnum Cash&amp;Carry» ЖШС бөлшек сауда желісі дүкендерінен зат сатып алған Қазақстан Республикасының тек кәмелетке толған азаматы ғана Акция Қатысушысы бола алады.</p> <p>15.2. Акцияға қатысу автоматты түрде қатысушының осы Ережелермен танысқанын және келіскенін білдіреді.</p> <p>15.3. Акция бойынша кез-келген сұрақтар туындаған жағдайда, қатысушы мекен-жайға электрондық хат жазып, науқанды акция ұйымдастырушысына ғана жүгіне алады <a href="mailto:alidi.promo.kz@vandex.ru">alidi.promo.kz@vandex.ru</a> немесе телефон арқылы қоңырау шалу+7 771 718 26 32 дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін. "Magnum Cash &amp; Carry" ЖШС акция қатысушыларынан өтініштер мен шағымдарды қабылдамайды. Барлық қалған мәселелер бойынша 8 800 080 5052, 297 50 52 қауырт желі телефоны бойынша қоңырау шалуға болады.</p>

	<p>15.4. Ұйымдастырушының («АЛИДИ Логистикалық компаниясы» ЖШС), Тапсырыс берушінің («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС) және олармен үлестес тұлғалардың (олармен үлестес болған тұлғалардың қызметкерлері), Акцияны дайындауға қатысатын ұйымдардың қызметкерлері, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген тұлғалардың отбасы мүшелері Акцияға қатыстырылмайды.</p> <p>15.5. Акция Ұйымдастырушысы <a href="http://www.magnum.kz">www.magnum.kz</a> сайтындағы Акция Ұйымдастырушысының кінәсінен болмаған техникалық ақауларға, сондай-ақ Акцияны өткізу аясындағы соған байланысты туындаған кідірістерге жауапкершілік тартпайды.</p> <p>15.6. Осы Ережелерді, кез келген даулы мәселелерді және/немесе осы Ережелерде реттелмеген мәселелерді әртүрлі түсіндіретін жағдайлар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы Ережелерді құрастырушы ретінде ақырғы түсіндірмесін береді.</p> <p>15.7. Акция лотерея немесе тәуекелге негізделген өзге ойын болып табылмайды, қатысқаны үшін төлем жасауды талап етпейді. Акцияға тапсырыс беруші «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС болып табылады.</p> <p>15.8. Жүлденің параметрлері мен сипаттамалары Ұйымдастырушының қалауымен анықталады және Қатысушылардың болжамдарымен сәйкес келмеуі мүмкін, сондай-ақ олардың жарнама-ақпараттық материалдардағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін.</p> <p>15.9. Ережелер <a href="http://www.magnum.kz">www.magnum.kz</a> сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.</p>
<p>16. Акция Қатысушысының оның жеке деректерін өңдеуге берген келісімі, Акция Ұйымдастырушысы өңдейтін Акция Қатысушысының жеке деректерінің тізімі, жеке деректерді өңдеу мақсаты, осындай жеке деректермен әрекет ету тізімі, жеке деректер жария етілуі немесе берілуі мүмкін тұлғалар, егер жеке деректерді шекарааралық табыстау жасалатын болса, сондай шекарааралық табыстаудың мәліметтері, Акция Қатысушысының жеке деректерін өңдеу жүзеге асырылатын мерзім.</p>	<p>16.1. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, сол арқылы Ұйымдастырушыға өзінің жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, пошталық индексі көрсетілген нақты тұрғылықты мекенжайы, мобильді телефон нөмірі, Е-мэйл және оларға берілген басқа да мәліметтер) өңдеуге, Ұйымдастырушы мен Акцияға Тапсырыс берушіге жеке деректерді пайдалануға, сондай-ақ осы Акция шеңберінде құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында деректерді трансшекаралық табыстауды қоса, Акцияны тікелей жүзеге асыратын және Ұйымдастырушымен тиісті шарт жасасқан үшінші тұлғаларға өзінің жеке деректерін беруге өз келісімін береді.</p> <p>16.2. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы сол арқылы өзінің жеке деректеріне қатысты құқықтарымен таныс екенін, соның ішінде келесіге жүгініп, өзінің жеке деректерін өңдеуге берген келісімін қайтарып алуға болатынын білетінін растайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұйымдастырушыға <a href="mailto:alidi.promo.kz@yandex.ru">alidi.promo.kz@yandex.ru</a> электрондық пошта адресіне хабарлама жіберу арқылы;</li> <li>• Тапсырыс берушіге кез келген уақытта 8 (800) 200-20-20 телефоны бойынша хабарласып, сондай-ақ Тапсырыс берушіден Қатысушыға жіберілетін хаттарда көрсетілетін тиісті сілтеме бойынша өтіп, кез келген уақытта Тапсырыс берушіге сұратым жіберу арқылы.</li> </ul> <p>Жеке деректерін өңдеуге берген келісімін қайтарып алған жағдайда, Қатысушы Акцияға қатыстырылмайды. Бұл ретте, егер Қатысушы тиісті Акцияның өткізілу мерзімі кезеңінде берген келісімін қайтарып алса, онда ол Ұйымдастырушы Акция Қатысушысынан хабарлама алған сәттен бастап осы Акция аясында Жүлделерді алу құқығынан автоматты түрде айырылады. Берген келісімін қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы мен оның уәкілеттік берген тұлғалары</p>

Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатып, хабарлама түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды.

16.3. Қатысушылардың жеке деректерімен жұмыс істеген кезде Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» Заңының аясында әрекет етеді.

16.4. Жеке деректерді өңдеуге/пайдалануға берген келісім Акцияға Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы үшін Акцияның өткізілу мерзімдері аяқталған сәттен бастап 1 (бір) жыл бойы жарамды болады.

16.5. Жеке деректерге жасалатын әрекеттер тізімі: жинау, сақтау, тарату (Жұлделерді жеткізу үшін үшінші тұлғаларға беру), Жұлде Алушыларға Жұлделерді беру үшін, сондай-ақ басқа мақсаттар үшін пайдалану, жеке деректерді (құжаттаманы сақтау мерзімі өтісімен) жою.

16.6. Қатысушының жеке деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының құқықтары:

- өзінің жеке деректерінің операторлары ретіндегі Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші туралы мәліметтер алу
- өзінің жеке деректерінің операторлары ретіндегі Ұйымдастырушыдан/Тапсырыс берушіден өзінің жеке деректерін нақтылау, егер жеке деректер толық емес, ескірген, дәйекті емес, заңсыз алынған немесе өңдеудің жарияланған мақсаты үшін қажет болмаған болса, оларды бұғаттау немесе жою
- өз құқықтарын қорғау бойынша заңмен қарастырылған шаралар қабылдау.

16.7. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректер бергенінің салдарынан Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол жауапкершілік тартпайды.